

# "БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙІ" АҚ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ

---

---

## **Келісілді**

Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Банкінің Қаржы нарығын және қаржы  
ұйымдарын бақылау мен қадағалау  
комитетімен 2011 жылғы 02  
желтоқсанда келісілді

Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Банкінің Қаржы нарығын және қаржы  
ұйымдарын бақылау мен қадағалау  
комитетінің төрағасы

Қ.Б. ҚОЖАХМЕТОВ

## **Бекітілді**

"Бағалы қағаздар орталық  
депозитарийі" АҚ Директорлар  
кеңесінің шешімімен

(2011 жылғы 28 желтоқсандағы №7  
отырыстың хаттамасы)

2012 жылғы 01 қаңтардан бастап  
**қолданысқа енгізілді**

# **ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ**

## **ЕСКЕРТУ**

Орталық депозитарий қызметкерлері Ереже жинағының қазақ тіліндегі нұсқасын тек ақпарат алу мақсатында аударған.

## **ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ**

### **1. № 1 өзгеріс:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2013 жылғы 15 ақпандағы № 1 отырыстың хаттамасы);
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2013 жылғы 14 наурызда келісілді;
- 2013 жылғы 03 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді.

### **2. № 2 өзгеріс және толықтырулар:**

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2013 жылғы 12 сәуіріндегі № 3 отырыстың хаттамасы);
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2013 жылғы 14 мамырда келісілді;
- 2013 жылғы 13 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Ережелер жинағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленіп, "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізетін депозитарлық қызметті, банк операцияларының жекелеген түрлерін, жеке шоттардың бірыңғай жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті және қызметтің басқа түрлерін жүзеге асыру тәртібін айқындайды және Орталық депозитарийдің мынадай ішкі құжаттарының кешенін ұсынады:

- 1) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен (бұдан әрі – ҚҚА) 2010 жылғы 22 қарашада келісілген және 2011 жылғы 05 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілген Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Депозитарлық қызметті жүзеге асыру ережесі (2010 жылғы 10 тамыздағы № 7 отырыстың хаттамасы);
- 2) ҚҚА 2006 жылғы 04 қыркүйекте келісілген және 2007 жылғы 01 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген Орталық депозитарий акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен бекітілген Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелеріне қызмет көрсету және оларды өтеу ережесі (2006 жылғы 16 қарашадағы № 2 хаттамасы);
- 3) ҚҚА 2010 жылғы 01 қыркүйектен бастап келісілген және 2010 жылғы 17 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілген Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен (2010 жылғы 16 шілдедегі № 6 отырыстың хаттамасы) бекітілген Муниципалды облигацияларға қатысты депозитарлық және өзге қызметті жүзеге асыру ережесі;
- 4) ҚҚА 2010 жылғы 22 қарашада келісілген және 2011 жылғы 05 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілген Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру ережесі (2010 жылғы 27 тамыздағы № 8 отырыстың хаттамасы);
- 5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2012 жылғы 31 желтоқсанда келісілген және 2012 жылғы 01 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілген Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 10 отырыстың хаттамасы) "Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші" АҚ Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесі (*осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 15 ақпандағы шешімімен өзгертілді*);
- 6) ҚҚА 2010 жылғы 13 қыркүйектен бастап келісілген және 2010 жылғы 01 қарашадан бастап қолданысқа енгізілген Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен (2010 жылғы 11 маусымдағы № 4 отырыстың хаттамасы) бекітілген Бағалы қағаздарға және басқа қаржы құралдарына халықаралық сәйкестендіргіш нөмірлерді беру ережесі;
- 6-1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2012 жылғы 06 желтоқсанда келісілген және 2013 жылғы 03 сәуірден бастап қолданысқа енгізілген Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2012 жылғы 27 тамыздағы № 13 отырыстың хаттамасы) Мемлекеттік бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесін жүргізу ережесі (*осы тармақша Орталық*

*депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 12 сәуірдегі шешімімен енгізілді);*

- 6-2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2013 жылғы 08 ақпанда келісілген және 2013 жылғы 01 сәуірден бастап қолданысқа енгізілген Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2012 жылғы 29 желтоқсандағы №22 отырыстың хаттамасы) Төлем агентіне қызмет көрсету ережесі *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 12 сәуірдегі шешімімен енгізілді);*
- 7) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2011 жылғы 26 шілдеде келісілген және 2011 жылғы 05 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілген Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Операциялық құжаттарды қабылдау және беру ережесі (2011 жылғы 10 маусымдағы №4 отырыстың хаттамасы).

Президент

Б.Х. Қапышев